

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС отырысының 2024 жылғы 28 мамырдағы ҚАУЛЫСЫ

1. Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбекованың «Педагог білімін бағалаудың (ОЗП) 2023-2024 оқу жылындағы алғашқы нәтижелері және оны талқылау» туралы ақпаратын тыңдап және талқылай келе, ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М. Нарбекованың баяндамасы назарға алынсын.
2.2024 жылдың **29 мамыр – 29 маусым аралығында** ПББ тапсыруды жоғары деңгейде өткізу мақсатында қосымша кеңес беру үшін әрбір факультетте арнайы «Жол картасы» жасалынсын;
3.2024/2025 о.ж. ПББ-дан өту көрсеткіштерін жоғарылату мақсатында педагогикалық білім беру бағдарламаларының мазмұнын, оқыту әдістемелерін қайта қарап, сараптама жасалынсын;
4.Әрбір факультетте, әрбір кафедрада, әрбір білім беру бағдарламаларын дайындау бағыттары бойынша тұрақты түрде талдау жүргізу ұйымдастырылсын;
5.Педагогикалық бағыттар бойынша бітіруші түлектер мен білім алушылар арасында біліктілікті растау рәсімі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін
6.2023/2024 оқу жылында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің талабын орындау мақсатында ПББ жоғары деңгейде тапсыруды, Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында, **13-21 шілде айында тапсыруын 100% ұйымдастыру.**

2. Тарих және құқық факультетінің деканы Ғ.Қ. Кенжебаевтың "2023-2029 жылдарға арналған Тарих және құқық факультетінің даму бағдарламасы" туралы жасаған ақпаратын және «2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының 2023 жылы орындалуы туралы» есебін тыңдай және талқылай келе, ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

1.«Тарих және құқық факультетінің 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасы туралы» баяндамасы және «Тарих және құқық факультетінің 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының 2023 жылы орындалуы туралы» назарға алынсын.
2.Тарих және құқық факультетінің деканы Ғ.Қ. Кенжебаев, деканның ғылыми істер және халықаралық қатынастар жөніндегі орынбасары А.Қасымбекке, Тарих және құқық факультетінің кафедра меңгерушілеріне:
1.Факультет білім алушыларымен сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелдік ЖОО-лармен серіктестік орнату жандандырылсын – 2024, 2025 жж.;
2.Web of Science және Scopus базаларында индекстелген жоғары импакт-факторлы журналдарда факультет ғалымдарының жарияланымдарының санын арттыру жөнінде тиімді жұмыстар жүргізілсін – 2024, 2025 жж.;
3.QS WUR Ranking by Subject рейтингіндегі «Өнер және гуманитарлық» бағыты бойынша Философия білім беру бағдарламасының позициясын жоғарлату жұмыстары жүргізілсін – 2025 ж.
4.Факультеттің білім алушыларға арналған Коворкинг аймағын ашу жұмыстары жүргізілсін – 2024 ж.
5.Педагогикалық ұжымның оқу-әдістемелік қызметінің ашық рейтингтік КРІ жүйесін енгізу ұйымдастырылсын – 2024 ж..
6.Шақырылған шетелдік оқытушылар мен зерттеушілердің үлесін ұлғайту жұмыстары күшейтілсін– 2024, 2025 жж.;
7.Цифрлық білім беру технологияларын енгізу бойынша шетелдік ЖОО-мен тәжірибе алмасу туралы уағдаластыққа қол жеткізу – 2025 ж.;
8.Навои педагогикалық университетімен (Өзбекстан) 7M01603-Тарих: тарихты оқытудағы цифрлық технология БББ қос дипломдық бағдарлама іске асыру – 2025 ж.;
9.«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында мектептермен біртұтас білім беру кеңістігін құру. ОПК өзара әрекеттесуі негізінде интеграциялық процестерді жүзеге асыру, major/minor және double major бағдарламаларын енгізу арқылы БББ-ның құрылымын жетілдіру – 2025 ж.;
10.«Құқықтану» сериясы бойынша Хабаршы журналы ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынатын басылымдар тізбесіне ұсыну – 2025 ж.;
11.«Құқық» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантура ашу – 2025 ж.

3. 2023-2029 жылдарға арналған Педагогика және психология факультетінің даму бағдарламасы. Педагогика және психология факультетінің деканы Ғ.А. Абаеваның «Педагогика және психология факультетінің даму бағдарламасы» туралы баяндамасын тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1) Педагогика және психология факультетінің деканы Ғ.А. Абаеваның «Педагогика және психология факультетінің даму бағдарламасы» туралы баяндамасы назарға алынсын.
- 2) Докторанттардың ғылыми жұмыстарының сапалы әрі уақтылы қорғауға шығуына кафедралар мен Ғылыми кеңесшілерінің жауапкершілігі күшейтілсін.
- 3) Факультет кафедраларының жалпы білім беретін мектептердегі филиалдарында дуалды оқыту және білім алушылардың педагогикалық бағыттағы зерттеулерін апробациядан өткізу жүзеге асырылсын;
- 4) Ағылшын және үш тілді білім беру бағдарламаларын әзірлеу жалғастырылсын (ағылшын тілінде сабақ бере алатын ПОҚ құрамы күшейтілсін)
- 5) Факультет кафедраларында халықаралық, өңірлік байланыстарды жетілдіру негізінде қос дипломдық және бірлескен білім бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізілсін;
- 6) Педагогика және психология институты бойынша докторанттардың диссертация қорғау мәселесі туралы ұсынылған ақпарат назарға алынсын.
- 7) Факультет деканына тұрақты даму бағытында орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру және жалпы білім беретін мектептерде әріптестік негізінде тұрақты даму мақсатында білім беруді жүзеге асыру мақсатында Тұрақты даму мақсаттарын ілгерілету орталығын құрудың тұжырымдамасын жасау тапсырылсын;
- 8) Факультет деканы мен кафедра меңгерушілеріне заманауи зертханаларды жабдықтау бойынша нақты ұсыныстар дайындау, профессор-оқытушылар құрамының қолданбалы, бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру негізіндегі жобаларға белсенді қатысуын қамтамасыз ету тапсырылсын;
- 9) Университет білім алушыларын ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді тарту тетіктерін жетілдіру (студенттердің стартап-жобаларының нәтижелерін іске асыру, ішкі гранттар жүйесі арқылы ғылыми жобаларды қаржыландыру) ары қарай жалғастырылсын;
- 10) Университеттің стратегиялық жоспарында көрсетілгендей QS халықаралық рейтингісі бойынша үздік шетелдік ЖОО орындарымен ынтымақтастықты арттыру жұмыстары одан әрі күшейтілсін;
- 11) Факультеттің білім алушыларының кәсіби дайындығын арттыру, қоғамға қызмет етуге баулу мақсатында мектеп оқушыларымен жүргізілетін жұмыстарға кеңінен қамту жұмыстары жалғастырылсын.

4. Әртүрлі.

5. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Б.А.Тілеп

М. А. Абсатова